

ЗЕҢЫРЕК СҮЙРЕТКЕН

Көбейсін ЕҢСЕБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты.

НЕМЕСЕ 30 ЖЫЛДАН СОҢ ИЕСІН ТАПҚАН ОРДЕН

Ұмытпасам, 1975 жылдың сәуірі болуы керек, бүкіл еліміз Ұлы жеңістің 30 жылдығына қызу әзірленіп жатқан кез. Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің журналистері — біз де бүкілодақтық баспасөз легінен қалыспай, осы бір киелі тақырыпқа шама-шарқымыз келгенше қалам тербеудеміз. Сүбелі деген мақала, очерктерімізді мерекелік нөмірге сүрлеп сақтап, редактор ретінде мен газет материалдарын іріктеп қоям. Жұмысымыз алдын-ала жасалған жоспар бойынша жылжып жүріп жатыр.

Өстіп жүргенде бір күні аупарткомнан телефон шалып:

— Сені бірінші хатшы жедел шақырып жатыр, — деді нұсқаушы.

«Хатшы шақырып жатыр» — дегенде дегбірі кетпейтін қызметкер жоқ ол кезде. «Газетімізде қате кетіп қалды ма екен?» — деген күдікпен мен де шұғыл басып, біріншінің қабылдауына келдім.

— Сізді күтіп отыр, — деді хатшының хатшысы.

Түймелі қара былғары есікті жайлап ашып, бірінші хатшының кабинетіне кірсем, Мейрам Абақанов екі қолын артына ұстап, әсірелеп айтқанда, атшаптырым кең кабинетте ерсілі-қарсылы жүр екен. Маған күлімсірей назар салған ол:

— Молодой редактор, — деді әдеттегісіндей, мені өз есіміммен емес, қызметіммен атап. — Москвадан хат келді. Біздің жерлесіміз майдангер Садық Темірбеков соғыста ерлік көрсетіп, Ленин орденімен наградталған екен. 30 жылдан соң награда иесін іздеп келе жатыр. Алдымен осы қуанышты хабарды халыққа жеткіз. Сосын қаламыңның қарымы жеткенше кәсіпте жаз. Жазуды өз газетіңнен баста да одан әрі облыс, республикаға тарат, — деді бірінші хатшы бұйрық райда.

Хатшының кабинетіне қорқа келген мен одан қуанышым қойныма сыймай шаттанып шықтым. Хат алдымен аудандық әскери комиссариатқа келген екен Комиссар майор Рафаэль Юсуповпен жақсы таныспын Аупартком бюросында, пленумдар мен сессияларда қатар отырып қаламыз. Демалыс сәттерінде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Жоламан Жаналиновпен, аупартком нұсқаушылары Жәлел Шәкеновпен, Қадіржан Алланбаевпен, белді бір бекемнің бас бухгалтері Жоламан Тортаевпен, әріптес інілерім әрі шәкірттерім Батырбекпен, Асанәлімен және әлгі айтқан майор Рафаэль Юсуповпен бірлесіп, көңілді кештер де өткіземіз. Мәскеуден жеткен қуанышты хабарды адалдың алдымен бірінші хатшыға айтқан әскери комиссар енді мені іздеп келеді екен. Мен оған бара жатырмын. Екеуіміз орта жолда жолығысып, айқара құшақтасып, мәре-сәре болдық. Ол папкасынан хатты алып, маған ұсынды. Бүкіл Ұлытауды қуантқан сүйінші хабар «Ұлытау өңірінің» келесі санында жарияланды. Ендігі маған жүктелген маңызды міндет — батыр туралы очерк жазу.

Батыр деген сөзді босқа айтып отырғам жоқ. Ленин ордені дәрежесі жағынан Совет Одағының Батыры Алтын Жұлдызынан кейінгі екінші орында. Осындай жоғары награда араға 30 жыл салып, сонау астана — Москвадан Ұлытауға иесін іздеп келе жатса, батырдың өзі көзі тірі ортамызда жүрсе, оны жазбағанда кімді жазамыз. Нағыз кәсіпте жазатын тақырып! Қалай жазсақ екен? Бізді осындай ойлар мазалап жүргенде аудан басшылары марапат иесін құттықтап та үлгерді. Ендігі кезек біздікі — журналистердікі.

Бұл кезде шағын Ұлытаудың барлық тұрғыны әлгі қуанышты хабарды естіп үлгерген. Оны айтасыз, «Садық қария туралы очерк те жазылады. Аупартком журналистерге тапсырма беріпті ғой. Олар батыр үйіне барғалы жатыр» деген лебіз де шағын ауылды шарлап кеткен.

«Ұлытау өңірінің» сол кездегі белді де белгілі қаламгерлері Асанәлі Тәліпов, Батырбек Мырзабеков, Мағзұмбек Машайықов болып кеңесіп, очеркті қайсымыз жазамыз деп жүргенде майдангер Садық ақсақалдың бізде баспаханада істейтін немересі Балқия:

— Сіздерді бүгін түске қонаққа шақырып жатыр, — деді қыз балаға тән ізетпен нұрлы жүзі бал-бұл жанып.

— Әй, осы жайбасарлығымыз-ай! Қап, ұят болды-ау. Шақыртпай-ақ баруымыз керек еді, — дейміз біз өкініп.

...Міне біз марапат иесі — майдангер Садық Темірбековтің үйіндеміз. Оның Сансызбай, Асан, Айткүл балалары, біздің Батырбектің досы, Садық ақсақалдың немере туысы Сейтжаппар — бәрі құрақ ұшып, әсірелеп айтқанда, «жығылып төсек, жантайып жастық болуға дайын тұр». Белменің оң жағын ала төселген гүлді, оюлы көрпеді қос жастықты арқасына қойып, тіктей отырған алып

денелі қартқа бірден назарым түсті. Батыр осы кісі екенін айтпай-ақ аңғарғандайсың.

— Ассалаумағалейкум, — деп сәлемдескенде анық байқадым, алпамсадай адамның алақаны да күректей екен. Менің салалы деп жүрген саусақтарым оның сол жалпақ алақанының орта тұсына ғана жетті, қапсыра қыса алмадым.

Сәлемнен соң батыр ағаның жүзіне бағдарлай қарағанда аңғарғаным: қос жанардың біреуі атымен орнында жоқ. Орнында бар деген екінші жанар да ақ шел басқан, көруден қалған. Бір нүктеге барынша тесіле қарағаны болмаса, ештеңені көрмейді. Ағамыз су қараңғы соқыр. Төсіне қарай



төгіле түскен ақ сақал кең көйлектің омырауын тұтас жауып тұр. Кере қарыс маңдай көсіле шалқайып ол жатыр. «Өлейкүмүссалам!» дегенде анық байқадым, қарияның күрек тістері жылқының, жылқы болғанда да құнан, дөнен емес, бесті айғырдың тісіндей ақсияды. Майдангердің екі жаққа далия біткен иықтарына екі кісі мінгендей. Тегенедей жауырындар сәл еңкіш тартқаны болмаса, кезінде кішігірім тоқымдай болғаны қазірдің өзінде көрсетіп тұр. Тарамыс тамырлары білеуленген қолдар, көсеудей саусақтар, қатпар-қатпар маңдаймен бірге төмен сырғыса, көзді жауып кетердей қалың қастар, қақпақ тастай жауырындар, атанның жілігіндей жіліншіктер, арнайы тапсырыспен тіктірмесе, ешқандай мәсіге сыймайтын арбиған аяқтар — осының бәрі тек батырларға ғана тән дене мүшелері.

Садық ақсақал сөз бастауға сараң екен. Соғыс, майдан туралы сұрағанда жарытып ештеңе айтпайды. Мысалы, ол қай жерде қандай полкте, қай майданда соғысқаны туралы деректерді жадында сақтамаған. Біздің жамырай қойған сұрақтарымыздың ішінде «Ленин орденін сізге не үшін берді?» деген де сауал бар.

— Қарақтарым-ай, мен оны қайдан білейін, — дейді қария қынжылып.

— Қанша неміс өлтірдіңіз? — деп төтесінен кетті шыдамсыздау бір жігіт.

— Соны кім санап жатыр дейсің, шырағым. Командир «ат» — дейді, атамыз, «жат» — дейді жатамыз. Менің қаруым — зеңбірек. Жер бауырлап келе жатқан танк көрсем, автоматымды тастай салып, зеңбіректің ұңғысын жауға қаратам да от алдырып, қос қолыммен құлағымды басып, отыра қалам. Будақтап өртеніп жатқан танкіні көріп командирім:

— Молодец Темирбеков, — дейді.

— Снаряд тиген шығар, әйтпесе танк жаңа ма?

Аз-кем әңгімеден соң бөлме ішінде тағы да тылсым тыныштық орнады. Ұзын сөздің қысқасы,

біздің сұхбатымыз мәңгі болмайтын сияқты. Іштей біз де қынжылып отырмыз.

— Әке, майдандағы ең бір қиын сәтті айтып беріңізші, — дедім мен қарт майдангерді әңгіменің басқа бір арнасына бұрып.

— Қайсы бірін айтайын, майданда бәрі қиын болды ғой шырағым. Ауылыңа өзің хат жаза алмаған, біреуге жаздырған хатқа елден келген жауапты өзің оқи алмағаннан өткен қиындық бар ма?!

Міне, бұл жүректі елжіретерлік оқиға.

Шындығында да өзегіңді өртеген елге деген сағынышты сезіміңді білдіретін хатты өзің жаза

немесе оқи алмаған деген жаныңды жегідей жер азап емес пе? Қария әңгіменің жанды жеріне аздап болса да тақап келеді. Сол кезде қырсыққандай:

— Тамақдайын. Қол шайыңыздар, — деген хабар келді.

Мен ымдап, «сәл қоя тұрыңдар» деп белгі беріп едім, ас үйдегілер оны түсінді де қарсы болған жоқ. Сол үзілісті пайдаланып:

— Майдан өмірінің тағы бір қиын сәтін айтыңызшы, — деп едім, сәл тылсым үнсіздіктен кейін Садық қария маңдайынан шыпшып шыққан күмістерді салалы сұқ саусағымен сылып тастап, тамағын бір кернеп алды да әңгімесін бастап кетті...

— Батысыңның өзі толарсақтан сазды, батпақты, орман болады екен ғой. Қорғасынқай қою бұлт еңсеңді басады да тұрады. Мен ол жақта елден бұрын Ұлытаудың жарқыраған күнін сағындым, — дегенде майдангер үні жарықшақтанып шықты.

Үй іші тым-тырыс. Біздің ынтамен ықылас қойып тындап отырғанымызды іштей сезген Сәкен әңгімесін одан әрі жалғастырды.

— Төрт құбыланың қайсысы деп айырып болмайды, әйтеуір бір жаққа бүкіл әскер болып жылжып барамыз. Аттылы-жаяулы мылтық асынған керуен. Мен торы қасқаның божысын ұстап, оған жегілген ауыр зеңбіректі баяу жылжытып, әлгі әскери керуеннің арт жағында келемін. Бұрынғы шаршағандағы әдетімен бір қылжақтау орыс жігіті жантайып келіп, менің зеңбірегімнің үстіне отырып, аз-кем аяқ суытқысы келгені сол еді, дүние астан-кестен болды да кетті. Әлгіңде төбемізден өткен самолеттен түскен бомба жарылды-ау деймін, қым-қуыт құлақты тұндырған тарсыл-гүрсіл басталып кетті. Бір сәт аңғарғаным сол, оқ тигені бар, тимегені бар солдаттар жер жастанып жатыр. Зеңбіректің үстіне қарғып мінген солдат автоматын қапсыра құшақтаған күйі басы төмен салбырай сұлапты. Менің торы қасқам да құлаған. Шалажансар. Артқы сирағы дірілдеп ол жатыр.

СОЛДАТ

Бір алагеуім сәтте тірі солдаттар бастарын көтере бастады. Біразы сол жер бауырлаған күйінде қимылсыз қалды. Командир алға жылжуға бұйрық берді. Әскери сап үздік-создық болып жылжып барады. Менімен ісі болған ешкім жоқ. Тұяғын соңғы рет серіпкен торықасқаға жасты жанарын қадаған солдаттар оны мен маған аяушылық сезімдерін білдіріп, баяу алға оза берді. Мен қалып қойдым.

Осы тұста Садық қария «Тыңдап отырсыңдар ма?» — дегендей бір тыныс алып алды. Үйдегі жалғыз жарым көк шыбынның ызыңынан басқа дыбыс жоғын сезген майдангер әңгімесін одан әрі жалғастырды...

— Мен қалып қойдым. Әлгінде ыңырсып жатқандардың да үні өшкен. Сонау алыстан автоматтың талып жеткен үні келеді құлаққа. Өліп жатқан жауынгер достарыма, соғысқа кіргелі сенімді серігім болған торы қасқама калима айтып, бет сипап орнымнан тұрдым. Басыма бірінші келген сұрақ — «Енді не істеуім керек?». Зеңбіректі тастап, жаяу тартып кетсем, әлгі әскери керуенді қуып жетуге қайратым жететін сияқты. Бірақ соғысқа кірерде: «Қару-жарағын тастай қашқан солдат та халық жауы» — деген мазмұндағы сөз құлағыма қорғасындай құйылғаны сондай «зеңбіректі тастап кетсем мен де халық жауы болам ба?» Әлгіндей аласапыранда ойыма келген алғашқы сезім осы болды.

Не тұрыс бар? Енді кешіксем, кешкі қараңғылыққа ұрынам. Оның арты қалың орманның су қараңғы соқыр түні. Зеңбіректі өлген аттан босатып, олай-бұлай қозғалтып көріп ем, зіл қара тас, ауыр қозғалады. Ат әбзелінің қайыстарын бір-біріне жалғап жетектің оңтайлы жерінен өзіме лайықтап «қамыт» жасап, соған жегіліп тартып көріп ем, жоқ манағыдай емес зеңбірегім орнынан оңай қозғалғандай болды. «Алла оңда, аруақ қолда!» — деген сөз аузымнан қалай шыққанын білмеймін, зеңбіректі атша сүйреп жылжи бердім. Бір кезде маңдайымның тері көзіме құйылғанда барып, «Уһ!» — деп тыныс алдым. Біраз жер жүрген сияқтымын. Несін айта берем, осылай әупірімдеп жылжумен әскери керуеннің ізінен адаспай жүріп келем, жүріп келем. Келесі бір тыныстағанда жан-жаққа құлағымды тосып ем, ауыз сырнайдың үні алыстан талып жеткендей болды. Құлағымды қалқалап, барынша зейін қоя тындағанда анық естідім, Васяның ауыз сырнайының зарлы үні бұл. Ол әлгі қырғында мерт болған майдандастарын жоқтап отыр, әрине. Сырнайдың қаралы үні жон арқамнан құмырсқа жүргендей із тастап, көкірегімді кернегендей болды. Осы сәт көмейіме тығылған сезім көзімнен жас болып парлай жөнелді. Енді бірде құр егіле бергенше деп, Аллаға сыйынып, орнымнан көтерілдім. Әлгінде көзімнен шыққан жас бойымдағы зіл батпан ауырлықты алып кеткен сияқты. Мен жеңілдеп қалғандаймын. Сырнай үні енді маған өмір дауысы болып анық естілгендей әсермен алға жылжыдым.

Ұзын сөздің қысқасы, зеңбірегімді атша сүйретіп, өз әскеріме қосылғанда әлгі Вася да, қалғандары да, мені қаумалап, менің белуарға дейін батпаққа былғанған кейпімді, жылаған көз жасыммен, термен ойран-асыр болған қара-қожалақ болған келбетімді көріп, алғашқыда тым-тырыс томсырая қарап тұрған солдаттар кенет қарқылдап келіп күлмесі бар емес пе?! Өз еркімнен тыс мен де күлем. Бірақ дауысым шықпайтын сияқты. Шықса да өзіме естілмейді. Денем ғана селкілдейді. Күлу қайда, мен сөйтсем, егіліп жылап тұр екем. Командиріміз келіп:

— Молодец Темирбеков? Ты настоящий герой! — деп арқамнан қаққанда буын-буындарым босап, қалай отыра кеткенімді өзім де білмеймін...

Біраз үнсіздіктен кейін барып Садық қария:

— Мүмкін мені наградаға сонда ұсынған шығар, — деді қазақи қорғасындай сабырлы қалпында.

— Тамақдайын, — деді ас үй жақтан.

Бірақ ол үнге құлақ асқан ешкім жоқ. Бәріміз де бір сәт отырған орнымызда қалшиып қатып қалыппыз. Үнсізбіз. Қарт майдангер жүзіне қарағанда анық байқадым, оның зағип жанарынан мөлдір шықтай бір тамшы сақалына қарай баяу жылжып барады екен.

...Қарт майдангер өзінің қос жанарын, жалынды жастық шағын құрбан етіп алған награданы 30 жылдан соң омырауына таққаннан кейін көп ұзаған жоқ, бұл фәни жалғанға соғыс жайлы естелігін қалдырып, мәңгілікке аттанып кетті. Біз — пенделер батыр ағамызды тек жеңіс күндері ғана еске алатын болдық.

Жеңіс күні де жақындап қалды-ау.